

Саран қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы "Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" № 541 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 433 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 тамызда № 5440 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 189 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 189 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Саран қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Саран қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы №541 "Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3732 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 11 сәуірде, 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 13 "Саран газеті" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Н. Тажибаева
Ө. Баймағанбетов*
Саран қалалық мәслихатының
2019 жылғы _____ № _____
шешіміне қосымша
Саран қалалық мәслихатының
2016 жылғы 19 ақпандағы
№541 шешімімен бекітілген

Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1.1
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1.5
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0.39
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0.92
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0.36
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0.95
6	Емханалар	1 келіп кету	0.01
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0.91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0.17
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0.90
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0.14
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	0.09
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0.04
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0.11
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0.86
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	3.13
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	0.35
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0.20

18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м ²	0.11
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1м ²	0.07
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1м ²	0.25
21	Жағажайлар	жалпы алаңы 1м ²	0.03
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1м ²	0.22
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1.27
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0.93
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0.53
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1.21
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м ²	0.23
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м ²	0.28
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	1.60
30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м ²	0.13
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0.22
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	3.39

* Ескерту: м2 – шаршы метр, м3- текше метр